

Өндірістік кеңес

№ 1 Хаттамасы

28.08.2021ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысын жалғастыру.
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
4. Лауазымдық міндеттер бөлісу жөнінде
5. Карантин талаптарының орындалуы жөнінде

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуын атап өтті. Өткен кеңесте жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту шараларының жасалуын қадағалағанын жазғы сауықтыру кезінде түрлі дене шынықтыру кезінде ойындардың денсаулықтарының нығаюына көмектескенін айтып өтті. Медбике жаз мезгілінде балалардың іш ауруларының алдын алуын алу шараларының айтып өтті. Өткен кеңестің шешімдері қанағаланып орындалды.

Екінші мәселе бойынша бала бақша меңгерушісі Н.Арапова стандартты талаптарына сай топтарды жабдықтау жөнінде ой пікірлерін білдірді. Ол кісі өз сөзінде бала бақша стандарт талаптарына сай оқу тәрбие процессі қажетті көрнекі құралдармен жабдықтау қажет. Жаз айларында осы бағытта көптеген жұмыстар жүргізілді. Қазірде бала бақшада үш топ бар. Топтар қазіргі заманғы талаптарға сай ұсталды. Орындықтар алынды, киім ілетін шкафтар, ойыншық қоятын сөрелермен жабдықталды. Топтар көркейіп қалды. Тәрбиеші Ұ.Бимбетова сөз алды. Тобымыз жөндеу жұмыстарынан кейін жаңарып қалды. Киім шешетін шкафтар столдармен үстелдер балалар жататын кереуеттер барлығы жаңартылып қалды. Киім шешетін шкафтар столдар мен үстелдер балалар жататын кереуеттер барлығы жаңартылып балалар бақшаға қуана келетін болды. Топқа келген жаңа балалармен көптеген жұмыстар жүргіземіз. Олардың балабақшаға тез үйренісіп кетуіне барлық жағдай жасалуда. Әр баланың өмірінде тәрбие мен қамқор ұстап болашаққа дайындауымыз қажет.

Үшінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі сөз алды. Бала өмірімен

денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізді. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Оларды тәуелсіз мемлекеттің білімді мәдениетті азаматы етіп тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз.

Балалардың салауатты өмір салтын ұстануға дұрыс бағыт бағдар беруіміз қажет. Балаларды қорғау үшін біз өзіміз қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек. Балабақша тәрбиешісі С.Жунисова сөз алды. Бала өмірі мен денсаулығына жауапты екенімізді білеміз. Бұл мәселе үлкен жауапкершілікті кұрайды. Таңертең қабылдау кезінде баланың көңіл күйін байқап ата аналармен сұхбат жүргіземіз. Психологтың көмегімен балаларды тәрбиелеуде көптеген жұмыстар жүргіземіз.

Төртінші мәселе балабақша меңгерушісі Н.Арапова балабақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері туралы айтты. Балабақша қызметкерлері лауазымдық міндеттерімен танысып, қол қойып көшірмесінің бір данасын алды.

Бесінші мәселе балабақша меңгерушісі Н.Арапова Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты карантин шаралары жайлы айтып өтті. Карантин шаралары қатаң сақталуы тиіс, бетперде тағу, антисептик қолдану, сақтық шараларын үнемі орындалуын айтып өтті.

Шешімі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Балабақша стандарт талаптарына сай жабдықтау жұмыстары жүргізілсін.
3. Бала денсаулығы мен өмірін қорғау бойынша мейірбике мен тәрбиешілер талаптарды орындап қадағалансын.
4. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері таныстырылып, бір данасы көшірмесі қолдарына берілсін.
5. Карантин шаралары міндетті түрде орындалсын.



Өндірістік кеңес

№ 2 Хаттамасы

21.12.2021ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылу мәселесі.
3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік сақтау ережелерін орындау.
4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуын қадағалап өткен кеңестегі шешілген мәселелерді ескеріп айтып тоқталып өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Арапова күзгі қысқы жылу мезгілін 3 топта яғни бүкіл балабақша ғимаратын табиғи газбен жылытып отыр әр аптада жағылған табиғи газды есебін аудандық білім бөліміне мәлімет тапсырып отырмыз. Өздеріңіз көріп отырғандай бүлдіршіндеріміз топ ішінде жаурамайды. Балабақшадағы топ бөлмелерінің 21-22 градусты көрсетіп тұр.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. «Жаңа жыл» ертеңгілігінде қауіпсіз ережелерін орындау: Тек қана жаңа жыл ертеңгіліктерінде ғана емес барлық уақытта балалардың қауіпсіздігін сақтауымыз қажет. Іс шара кезінде балалар өздерімен бірге салют жарылғыш заттар әкелмеулерін ата аналарға ескертуіміз керек. Ұшы өткір әрі кесетін заттарды ойыншықтарды өзімен бірге балалар өзімен бірге алып жүрмеуі тиіс. Электр сымдарына мерекелік безендірілген шыршаға балаларды абай болуымыз қажет. Іс шара кезінде тәрбиеші балалардың қасында болуы қажет. Бүлдіршіндеріміздің қауіпсіздігін әсіресе тәрбиешілер қатты өте абай болыңыздар. Түрлі мәселеге тоқталып өтсем жаңа жыл мерекесіне қарсы мына ғиматар ішінде ауқымды тазалықтан өткізіп бір кісідей атсалысамыз. Техникалық қызметкерлер барлықтарыңызды ат салысуларыңызды сұраймыз.

Шешімі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Жылу мәселесі қадағалансын.
3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік сақтау ережелері сақталсын.

4. Мерекеге барлық қызметкерлер бір кісідей ат салыссын.



Өндірістік кеңес

№ 3 Хаттамасы

10.03.2022ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Күннің екінші жартысын ойын сауықтыру мен түрлендіру арқылы жандандыру. Пікір алмасу.
3. Ата аналарға арналған ақпараттық көрнекілік ретінде ашылмалы папкалар пайдалану.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы ой пікірлерін білдіргендер: балабақша меңгерушісі Н.Қ Арапова өткен жылу мәселесін қадағалау балабақшадағы бүлдіршіндердің жылы жүруіне жағдай жасау. Сондайтан балабақшада жылу жүйесін топ бөлмелерін жылы ұстау керек. Жаңа жыл мерекесіндегі ертеңгілікте қауіпсіздік ережелері сақталып ертеңгілік жақсы өтті.

Екінші мәселе бойынша күннің екінші жартысын ойын сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандыру туралы пікір алмасу. Күннің екінші жартысын ойын сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандыру яғни балабақшамызда түске дейін сабақ өтілсе түстен кейін балаларға сабақты ойын арқылы жүргізу дұрыс деп ойлаймын. Себебі балаға ойын арқылы көп нәрсені түсіндіруге болады. Балалар ойынға құмар болады. Себебі жас кезеңдеріне қарай 3-7 жас аралығын ойын баласы деп атайды. Ойын баланың қиялының жүйелік болуына көмектеседі. Баланы ойын арқылы да тәрбиелеуімізге болады. Балабақша тәрбиешісі К. Абдиева күннің екінші жартысында бүлдіршіндерімізге көбірек ұлттық ойындарымызды үйретейік. Әр балаға өз ұлтымыздың ойындарын білгені дұрыс. Бүлдіршіндерге ұлттық ойындар арқылы мәдениеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеуге болады. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н. Арапова ата аналарға арналған ақпараттық көрнекілік ашылмалы папкалар пайдалану жөнінде айтып өтті. Онда тәрбиешілер ашылмалы папкалар дайындау керектігі айтылды.

Шешімі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Күннің екінші жартысында ойын сауықтыруларды түрлендіру арқылы жандандыру үшін міндетті түрде ойындар қолданылсын.
3. Ата аналарға арналған ақпараттық көрнекілік ретінде ашылмалы пакалар пайдаланылсын.



Өндірістік кеңестің

№4 хаттамасы

30.05.2022

Күн тәртібі:

- 1 Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 Жазғы сауықтыру іс шараларын бекіту
3. Іш ауруларының алдын алу медициналық кеңестер
4. Жазға жөндеу жұмыстары жөнінде

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша медбике АЖәнібек тоқталып өтті: балабақша күнтізбесі бойынша балалар өмірін және қауіпсіздігін сақтау, тазалық сақтауға көңіл бөлінді. Таңертең қабылдау кезінің өзінде-ақ баланың терісінің, денесінің тазалығы, дене қызуы, табеті жайлы ата-аналардан сұрап әңгіме кеңес өткіземіз. Топтар желдетіліп, бөлме, ыдыс, ойыншықтар тазалығы тексерілуде. Әсіресе кіші топтарда ойыншықтар екі мезгіл жуылады. Балабақша ауласына ағаштар егіліп күтім жасалуда. Балалар серуенге шыққанда гүлге су құйып, шөптерден тазартып отырады, еңбек етеді. Жалпы аула тазалығын сақтап, ойын алаңдарында балалар ойнауға ыңғайлы етіп құралдар қойылған ойын кезінде қауіпсіздігі қадағаланды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Н.Арапова сөз алды: Жазғы сауықтыру шаралары жөнінде балабақша меңгерушісі тапсырмалар беріп жоспармен таныстырып өтті. Жазда жазғы маусымға арналған жеңілдетілген сабақ кестесіне өтеміз. Бес күнде күніне бір рет сабақ өткізіліп, қалған уақытта таза ауада ойнатып, балалар шынығуы, денсаулығын нығайту қажет. Ау және күн ванналарын қабылдап, жалаң аяқ құм үстімен жүріп бассейінде шомылады, ойнайды, сауықтыру мерекелері ұйымдастырылып, туылған күндер, спорттық жарыстар өткізілді.Барлық іс – шараларға медбике қатысуға міндетті.Балалар көп уақыт күннің астында қалмауы, шаршап қалмауы керек.

3.Тыңдалды: Балабақша медбикесі медбике А.Жәнібек Балалардың іш ауруының алдын алу шаралары жөнінде кеңес берді. Балабақша

қызметкерлері мен ата-аналарға да кеңес берілуін тапсырамын. Балалардың серуеннен оралғанда жуынуы

- қайнатылған су ішуі қажет
- жеміс-жидектерді жуып жеу
- күннің ыстығынан сақтану
- асханадағы бүлінген көкөністерді пайдаланбау
- ана-аналармен байланыста болу
- іші өткенде дәрігердің бақылауында болу
- сусындар, газды сусындарды шектен тыс көп ішпеу ережелерін сақтауға әрекет етуге шақырды. Бала үйде ауырған жағдайда, тәрбиешіні хабардар етуге тиісті.

4.Тыңдалды: Балабақшаны ағымдағы жазға жөндеуден өткізу жөнінде балабақша меңгерушісі Н.Арапова айтып өтті. Қажетті жерлерді сыбап ақтап, сырлауымыз қажет. Ауладағы құралдар бастырмаларда сырлануы керек. Жөндеу жұмыстары сенбі, жексенбі күндері ұйымдастырылады. Өз өміріңізбен бала өміріне абай болып, жұмыс кезінде мұқият болыңыздар. Қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырамын деді. Және де әрбір ойнайтын бөлмелердің балалар отыратын үстел орындықтарын бояу түстерінің жарамдылығына мән беруіміз керек. Жөндеуді қажет ететін бүткіл құрал жабдықтарды шығарып жөндеуге берулеріңізді тапсырамын.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары күнделікті жоспар бойынша жүргізілсін.
3. Балабақшаның қажетті жерлеріне жазғы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік ережесі сақталсын.

